




ҰМАЙ АНА МЕКТЕБІ






АНА МЕКТЕБІ

Көне дәуірде; ғұндарда, сақтарда, түріктерде түрлі санаттағы отбасылық мектеп болған. Нақтылы жазба дерек бойынша, түрік дәуірінде, Ұмай Ана мектебі жұмыстаған. Қазақ мектебінің басы—Ана мектебі. Оның тарихы тым тереңде жатыр. Ол даму тарихында Дана мектебі дәрежесіне жеткен. Қазақтың жеке ел болып, еңсе көтерген сол бір дәуірде, текті ата әулеттерінде Қарашаңырақ мектебі орнаған. Әулет, ауыл, ру, тайпа аумағында ақсақалдар мектебі ерте дәуірде қалыптасқан. Бұлар тіршіліктің бар саласында, өмірдің әр белесіне етене араласып, әже-ата, әкешеше, жезде -женге мектебі аталып, қазақ қоғамында ауқымды педагогикалық іс-әрекет жүргізді, жас ұрпақты өмірге дайындады, үлгі-өнеге ұқтырды. Оларды жалпысынан Әулет мектебі деп атадық. Қазақтың тәрбиелеу ілімі қалыптасып, дамып, іске асу барысында талай ұлық ұстаздар туып шықты, әулет мектебінің сан түрі пайда болды.

Ұмай Ана.Ежелгі түріктер қос күшке-Көкке,Күнге және Жер-суға табынатын болған.Сонымен бірге табынатын үшінші күш-үйдегі отбасы мен бала шағағаны жаман рухтардан қорғайтын әйел тәңірісі-Ұмай ана.«Төныкөк» жырында:«Тәңірі Ұмай, қасиетті.Жер Су.Бізді қорғайды, ойлану керек»-деген жолдар бар Түркілердің«Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұрты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалады. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды сұлық жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады.Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп,бір ұл бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы іргелі елге айналып, бүгінге күнге жетедіКөне бұл аңыздан ұғатынымыз: «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші мейірімді рухани күш. «Ұмай»-аналарды қолдайтын періштенің аты. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан».Күлтегін ескерткішіндегі жазуда, оның кішкентайынан әскери тәрбие алғандығы баяндалады. Әкесі өлгенде Күлтегін жеті жаста екен.Осы кездің өзінде оған жаяу жүгіруді, садақ атуды, найзамен шаншуды,қылышпен шабуды, атқа мінуді үйретеді. Күлтегін жауды басып алуды, торуылдың тактикасын үйрен-еді. Сөйтіп,он жасында шешесі Ұмайдың алдында мүдірмей өтіп,сынға түсіп,ер атағын алады Осындағы он жасар ұлдың өнерін саралап, баға берген, «ұстаз Ана Ұмай» -алғашқы ұстаз.Күні бүгін ананы алғашқы ұстаз дейміз.




Ұмай Ананы сол дәуірде өмір сүрген, алтын құрсақты ана болып (ұмай сөзінің өзі алтын құрсақ, әйел жатыры мағыналы) өмірге ұрпақ әкеліп, оны бағып күтіп, тәрбиелеп, түрік жұртының пәк қыздары мен бек ұлдарын, осы бір ұлы империяның айтулы мүшесіне айналдырудағы ана затының атқарған қызметіне ұстаздық үлгісіне көз жүгірте отырып, ана мектебінің алғаш пайда болуын елестетіп көрелік.

Күлтегін ескерткішіндегі жазуда, оның кішкентайынан әскери тәрбие алғандығы баяндалады. Әкесі өлгенде Күлтегін жеті жаста екен. Осы кездің өзінде оған жаяу жүгіруді, садақ атуды, найзамен шаншуды, қылышпен шабуды, атқа мінуді үйретеді. Күлтегін жауды басып алуды, торуылдың тактикасын үйренеді. Сөйтіп, он жасында шешесі Ұмайдың алдында мүдірмей өтіп, сынға түсіп, ер атағын алады. Осындағы он жасар ұлдың өнерін саралап, баға берген, «ұстаз Ана Ұмай» - ана мектебінің аруақты ұстазы, беделі биік, пәрмені күшті, табынуға тұрарлық бас ұстаз. Аталмыш, Түрік сынтас жазуы: он алтыдан қырық жеті жасқа дейінгі Күлтегіннің көрсеткен ерліктері тәрбиенің нәтижесі екенін ашық көрсетеді. Күлтегін тек әскери тәрбие алумен шектелмеген, сауат ашып, ақыл-ойын дамытып, ғұламалардың ақыл кеңесін алып, таным өресін үнемі биіктетіп, таным көкжиегін үнемі кеңейтіп отырған. Ол заманда ұрпақ ерекше мән берілген. Ұмай ана-түркі тектестердің Хауа анадан соңғы ұлы анасы (кейбір зерттеушілер Ұмай Ананы Хауа ана деп те таниды), - әйел мен баланың пірі, мейірім-шапағат шуағын шашқан күн дидарлы әулиесі. Сондықтан да қазақ елі жаңа түскен келінді табалдырықтан он аяғымен аттата сала, «От-ана! Май-ана! Жарылқа! Жарылқа!» - деп отқа май құйғыз-ады. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі «От-ана» - қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт бикеш те, ал «Май-анамыз» - Ұмай ана екен. Қара жерді Жер-Ана деп құрметтеп, туған тілін Ана тілі деп әспеттеп, аналар мен отбасының пірі-Ұмай Ана деген таным-сенім қазақтарда да болған. Қазақ аңызында, «Ұмай ана шаруашыл, бейнетқор әйел болыпты.



Ұмай Ана он екі қыз тәрбиелеп өсіріпті.Қыздарының бәрі күйеуге шығып, барған шаңырақтарына ырыс-береке мен бақыт әкеліпті. Бұл әйелдердің еңбексүйгіштігі сонша, тіпті, қажет болса, адамзаттың игілігі үшін өзендерді бөгеген, өзендердің арнасын бұрып, шөл далаға тіршілік жіберген, тау бұлақтарының көзін ашып, мөлдір су ағызған.Қыздары жұрттың қамын ойлап, үнемі қамқорлық жасап жүретінін көрген Ұмай Ана оларға ақ жол тілеп, батасын берген екен.» Құлтегіннің ақыл-ойын байытып,сауатын ашып, зердесін кеңейткен ұстаздары болғаны даусыз.Ана мектептерінде оқу-жазу, ойлау-пайымдау, ұқтырып меңгерту әрекеті толық, жетіліп дамығанын аңғару үшін,сынтас жазуына қайта оралайық. “Жоғарыда көк Аспан және төменде бурыл жер пайда болғанда, олардың ортасында адам баласы дүниеге келді.Адам баласын менің бабаларым Бумын қаған мен Истеми қағандар биледі.Олар таққа отырғанда империяны қолдап оны құрды және Түркі халықтарының **зандарын шығарды.**Әлемнің төрт бұрышында да олардың жаулары көп болды.Олар әскермен жорыққа барып жан-жақтағы көптеген халықтарды тыныштандырып өздеріне бағындырды. Басқалар түркілердің алдында бастарын иіп тізелерін бүкті. Олар бізді шығыста Гадірхан орманына \Хинган тауы\ және батыста Темір қақпаларға \Трансоксиана\ дейін алып барды. Шеттегі осы жерлердің арасында Көк Түркілер билік жүргізді. Олар **дана және айбынды, олардың барлық істері адал және барлық халыққа әділ болды.**»Олай болса, Түрік империясы:дана да айбынды,адал да әділ билік иелері бар,баршаға ортақ заң шығара алатын қағанат болған екен. Қазақстан жерінде болған жазу үлгілері туралы академик Ә.Марғұлан “Қазақстанның байтақ өлкесінде 4 түрлі жазудың үлгісі сақталған: ескі ғұн, үйсіндер пайдаланған рұна жазуы; Орхон дәуіріндегі рұна жазуы; шығыс Түркістанда ұйғырлар пайдаланған арамей жазуы (Жұбан Ана, Батағай); араб жазулары (Айша бибі, Бабаша Хатұн, Болған Ана, Көк Кесене) тағы басқалар” дейді, Осыдан рұна жазуының Ислам діні Орта Азияға келгеннен кейін 300 жылдай қолданыста болғанын болғанын көреміз.



Түркі қағанаты дәуірінде елдің өзіндік іргелі мәдениеті болумен қатар, жазу сызуы бар, ұрпағы хат танып, сауат ашатын мүмкіндігі толық, оқу-оқып білім алатын әулет мектебі болғандығына шек келтіре алмаспыз! Біздің пікіріміз бойынша, қайыңтозға, шүберекке, ағашқа, көнге батырылып жазған-«оқулықтар да» болған. Кәзірдің өзінде, металл қаңылтырға, тиын-теңгелерге жазылған, аспап-құралдарға ойылған жазулар бар ғой. Қазақтың киіз кәітабының ілкі бастауы сонда жатқаны анық. Жәй ғана ақылға салсаңыз, ақын-жырау Йоллықтегін, бәдізшілер жанына келіп, ауызша айтып дастандарды тасқа таңбалатқан жоқ. Ал, осы мектепте, Ұмай Ана ұстаздық еткеніне келісерсіз. Алайда, Ұмай Ана жалғыз болмағаны да анық. «Күлтегін», «Тоныкөк» дастандарын жазып, тасқа таңбалауда бәдізшілерге басшылық еткен, жыршы-ақын –Йоллықтегін де, данагөй ақылман, әйгілі ғұлама Тоныкөк те бұдан шет қалмағаны белгілі. Дастанда жырланатын ханның ханымы да (Елбілге хатун-Білге қаған мен Күлтегіннің анасы), Ұмай Ананың сінділері де, қыздары да, басқа өнер иелері де бұл мектепке ұстаздық еткені анық. Үйдегі балашағаны, жалпы отбасын жаман рухтардан сақтап, үйге күт-береке келтіріп отыратын Анаға тағзым ету оның үлгі-өнегесімен ұрпақты өмірге дайындау дәстүрі «Көк түріктер» дәуірінде ғана емес, тіпті одан мыңдаған жылдар бұрын да болғанын дәлелдейтін аңыз-әфсаналар көп. Ұмай Адамзаттың алғашқы ұстаздарының бірі.

